

Сәлкебаев Т.С.

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметін бағалау өлшемінің жүйесі сыбайлас жемқорлықтың факторы ретінде**

Автор мақалада Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметін бағалау өлшемі жүйесінде объективтіліктің (жан-жақтылықтың) жеткіліксіздігі жөніндегі мәселені көтереді. Оны жемқорлықтың факторы ретінде қарастырып, практикалық аспектілерін тереңнен зерделеу, шетелдер тәжірибесіне талдау жүргізу негізінде Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдары қызметін модернизациялау үлгісін (моделін) жасаудың әдістерін ұсынуға ұмтылады. Бұл бағыттарды жүзеге асыру нәтижесі Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметін бағалау өлшемі жүйесінің ұйымдастырушылық-құрылымдық шешімдерінің жан-жақтылығын, тиімділігін және эргономикасын жасау болып табылады.

**Түйін сөздер:** республика, құқық, жүйе, жемқорлық, бағыт, қылмыс, қызмет.

Salkebaev T.S.

**As factors of corruption of insufficient objectivity of the system of criteria of estimation of activity of organs of internal affairs of Republic of Kazakhstan**

The author of the article rises the problem of objective lack of evaluation criteria in the organs of internal affairs of the Republic Kazakhstan. It is supposed to consider it as corruption factor and on the basis of the thorough study its practical aspects, holding an analysis of the foreign practice, to find ways and create the modern model of the activity of the organs of internal affairs in the Republic of Kazakhstan. The result of these directions is the set of the organizing-legal decisions in creating objective, effective and ergonomic system of evaluation criteria in the organs of internal affairs of the Republic Kazakhstan.

**Key words:** Republic, right, system, corruption, direction, crime, activity.

Сәлкебаев Т.С.

**Система критериев оценки деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан как коррупциогенный фактор**

Автор настоящей публикации поднимает проблему недостаточной объективности системы критериев оценки деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан. Предлагает рассматривать ее как коррупциогенный фактор и на основе углубленного исследования ее практических аспектов, проведения анализа зарубежной практики выявить способы и создать модель модернизации деятельности органов внутренних дел в Республике Казахстан. Результатом реализации этих направлений станет пакет организационно-правовых решений по созданию объективной, эффективной и эргономичной системы критериев оценки деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** республика, право, система, коррупция, направление, преступление, деятельность.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
ОРГАНДАРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ  
ӨЛШЕМІНІҢ ЖҮЙЕСІ  
СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ  
ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің жүйесін анықтау мәселесі мемлекеттің алдында көптен бері тұр. Мұндай қызмет аспектісінде қойылатын негізгі міндет – полиция жұмысының көрсеткіштерін анықтау өлшемін саннан сапаға ауыстырып өзгерту. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұйымдық-құқықтық тұжырымдамасы аясында ішкі істер органдары қызметін бағалау өлшемі жүйесін қалыптауда өзгерістер енгізу біз ұсынып отырған жаңа бағыт болып табылады.

Қойылып отырған мәселені шешудің әлеуметтік қажеттілігі ақаулықтарды жою бойынша ұсынылған баптан көрінеді. Өйткені қылмыспен күресудегі қазіргі қолданыстағы бағалау жүйесі мынадай кемшіліктердің тууына түрткі болып отыр:

– ашылуы күрделі немесе жиі ашылмай қалатын істер санатында қылмыстарды тіркеуді жасыру.

– қылмыстық-құқықтық саралау бойынша азаматтардың қылмысқа жатпайтын іс-әрекеттерін қылмыс ретінде жасанды жолмен «анықтау» (қолдан криминализациялау), немесе белгілі бір үлгідегі құқық бұзушылықты ашуды басты орынға қою (гипертрофированный приоритет), әрі шынайы оперативтік жағдайға және ағымдағы кезеңнің статистикалық көрсеткіштер жоспарына сәйкес өзге қылмыстарды елемеу.

– қылмысты ашу үдерісін жылдамдату әрі қылмысты қудалау органдарының күш-жігерін үнемдеу мақсатында заңсыз әдістерді қолдану.

– ашылмаған қылмыстар бойынша ақпараттарды жасыру.

– қызметкерлердің әлеуметтік тиімділігі аз бюрократиялық жұмыспен жүктелуі.

– қылмыстық сот өндірісінің шынайы міндеттеріндегі, азаматтардың мүдделерін ведомство мүдделері үшін ескермеудегі қылмыстық қудалау органдарының немкеттілігі.

Қылмыстың өсу қарқыны қорытындысын бұрмалау. Күнделікті жұмысында қолда бар ақпаратты жан-жақты қолдана алмауы.

Құқық қолданудағы осы көрсетілген кемшіліктер кешенді түрде де әрі жекелей де жемқорлық факторлары бола алады. Мәселен, істердің белгілі бір санаттарын әдейі елемеу-ескермеуде қалыптасқан осы жайт, тергеуді «ынталандыру» мақ-

сатында сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттердің тууына негіз болып табылады. Оның жарқын дәлелі мобильді телефондарды ұрлаудан көрінеді. Ішкі істер органдары үшін бұл қылмыстардың басымдылығы жоқ, бөлім қызметінің жалпы бағасына еш әсерін тигізбейді. Бұлар әдетте қылмысты ашуға ықпал ете алмайтын әбден жауар болған тергеу амалдары мен жедел іздестіру шаралары арқылы тергеледі.

Әрине, бұл жағдайда ұрланған мобильді телефонның иесі ол телефон табылып, ондағы барлық жеке ақпараттар сақталса екен деп тілейді, ал қылмыстық істерді ашуға құлық жоқтықты көргеннен кейін оның жемқорлыққа итермелейтін жағдайларға түсіп қалуын әсте жоққа шығармаймыз, өйткені заң талаптарына сәйкес, жылдам да сапалы, толық жүргізілетін тергеу амалдары жемқорлыққа жол беріп қоюының мүмкіндігі бар. Осы жерде ескерте кететіні, жеке детектив қызметі туралы заң атқарушы билік деңгейінде бұғауланып тасталып қабылданбай қойды. Осы келтірілген мысалға орай айтатын болсақ, мұның өзі азаматтардың қажетті ақпараттарды алу мүмкіндігін шектеп, жеке детектив қызметін жүзеге асырушы тұлғалардың қоғамдағы өзіне телінген орнын тауып, құқық қорғау жүйесінің жүктемесін жеңілдетері сөзсіз еді демекпіз.

Осы келтірілген бір ғана мысал жемқорлыққа апарып соқтыратын көптеген мәселелердің бетін ашып отыр. Әйтсе де аталған эпизодтың өзі-ақ ішкі істер органдарының қызметіндегі басымдық азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан гөрі, ауыр, аса ауыр қылмыстар әсер ететін ішкі ведомстволық статистикаға ауғанын әйгілейді. Әсілінде, бағалау көрсеткіштерінің жүйесінде бір ақаулық бар екені рас. Бір жағынан, ішкі істер органдарының күш-жігері қоғамға қауіптілік төңірегінде жұмылдырылса, екінші жағынан – өзге санаттардағы істер бойынша қылмысқа қарсы күрес қажеттілігі ескерілмей тасталды.

2014 жылғы 4 шілдедегі қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық (іс жүргізу) кодексі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енуі Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізімдемесін (бұдан әрі – СТБТ) қолдану арқылы құқық бұзушылықтарды тіркеудің жаңа жүйесіне көшу дегенді білдіреді. Оның процессуалдық институттарға тәуелділігі, қазіргі күнде арнаулы кешенді талдау жүргізу әдісінің жоқтығынан, қылмыстық қудалау органдары қызметі тиімділігін бағалау өлшемінің жүйесін қалыптауға негіз болмай тұр.

Мәселен, Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізімдемесіндегі алдына ала саралауда көрінетін 24 сағат ішінде қылмыстық істі қозғау бойынша шешім шығару бұрынғыға қарағанда шешім шығару уақытына аздық жасайды. Осындай орайдан алғанда, СТБТ-нде көрсетілген бастапқы тізімнің (Е-Інысаны) [1] мақсаты болмай шығады, өйткені бұл нақты құқық бұзушылық құрамы тұрғысынан алғанда қылмыстылықтың шынайы қалпын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Бұл мағлұматтар, нақтылай түссек бұл мағлұматтардың объективтілігі қылмыстық қудалау органы қызметін бағалау жүйесінің тиімділігінің негізі болып табылады. Әрі мұнда жалған статистикалық мәліметтерге өріс кең, өйткені келтірілетін бағалау өлшеміне тәуелді құқық қорғау органдары СТБТ -нде шындықты емес, дәл сол уақыттағы қажетті іс-қимылды саралауын көрсетеді. Бұл мәселе бүгін де бір жақты шешімін тапқан жоқ. Әсілі, қасақана кісі өлтіруді, анықтауы кем түсіп жатқан соң, денсаулыққа қасақана аса зиян келтіру арқылы абайсыздықта болған кісі өлімі деп бағалауға оңтайлы-ақ. Алайда СТБТ жағдайында мұндай жалғандыққа жол берілмес еді.

Бұл мән-жайлар бөліністер қызметін бағалаудағы қылмыстық қудалау органдарының ішкі саясатына үлкен өзгерістер енгізуді керек етеді. Аталған факт көптеп жүзеге асып жатқан реформалар бағыттарының түйінді жерлеріндегі осалдықты айғақтайды. Біздің зерттеуіміздің аясында, алынған нәтижеге жұмсалатын ресурстар мен күш-жігерлерге сәйкесті келетін тергеудің тиімділігін арттыратын құралдар мен әдістердің аса қажеттілігін өтеу ұсынылады.

Алайда жоғарыда келтірілген барлық мән-жайлар қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің объективті жүйесін қалыптаудың көптеген аспектілері (қырлары) болатынын, оның үстіне олардың әрқайсысының да есепке алынуға тиісті маңызы бар екендігін айғақтай түседі. Сонымен бірге әлі күнге дейін бұл мәселені шешуге арналған соны зерттеулер тым мардымсыз, тіпті жоқ десе де болады. Қылмыстық қудалау органдарының орталық аппараттары дайындаған Жобалардың ішкі ведомстволық мүддесі тұрғысынан алғанда іске жарамсыз не әдістемелік тұрғыда жетілмеген болып шығады.

Осылайша, мәселен, ішкі істер органдары бөліністердің қызметін бағалауда қоғамдық пікірді ескеруге талпыныстар жасады (ҚР Ішкі істер министрлігі Кадра жұмысы бойынша Департаментінің 2008-жылдың 05 қарашасындағы №№7/8 127-2005 «ІО қызметі мен қалыптасқан

криминогендік жағдай бойынша тұрғындардан сауалнама алу нұсқаулығы туралы» хаты осының дәлелі). Алайда нақты респонденттерден сұрау және олардан сауалнама алу секілді зерттеудің нақты-әлеуметтік әдістері жіңішке сұрлеуді ғана құрап, ақиқат пен шынайылықты барынша әйгілеп бере алмағандықтан, қашан да зерттеудің өзге нәтижелерімен бірлікте қаралады. Сонымен бірге бұл үдерістің барлық жақтарын молынан қамтып, кешенді тұрғыда қарастыратын механизмдер мен әдістер ұсынылған жоқ. Осындай орайда, ұсынылған Нұсқаулық жобасы зерттеу үшін қажетті мәселенің бір ғана – әлеуметтік-психологиялық жағын ғана қарастырады. Осыған сәйкес бұл ұстаным тиімді ұйымдастырушылық пен басқарушылық шешімдерін қалыптастыруға негіз бола алмады.

Бұл мәселенің жекеленген аспектілері қарастырылған посткеңестік кезеңдегі жеке дара зерттеу 2011-жылы [2] Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті жанындағы құқықты қолдану (The Institute for the Rule of Law) Институты өткізді. Әйтсе де мұнда үстірт нәтижелерге ғана қол жеткізілді. Авторлар өздерінің талдау жүргізген жазбаларында жүйенің кемшілігі мейлінше айрықша, оны түбірімен жою мүмкін емес; (уақыт өте келе жинақталып қалған) бұл кумулятивтік жағымсыз тиімсіздікті полиция басшылығының жоюы мүмкін еместігін әрі бұлардың дамып кетуіне шектеу қоятын полиция қызметін сырттай бақылайтын механизм қажет екенін атап көрсетті. Бұл талдау жазбаларында мәселені уақытша ғана шешу шаралары ұсынылды.

Соңғы жылдары шет елдерде қылмысты ашу бойынша жұмыс нәтижелерін тізімдеу жүйесін жетілдіру бағытында ұмтылыстар болғанын жасырмауымыз қажет. Бұндағы басты мақсат бағалаудың объективтілігін, осының негізінде қабылданатын басқару шешімдерін оңтайландыруды қамтамасыз ету.

Осылайша, криминалдық полиция бөліністері қызметінің (соның ішінде нақты қызметкерлердің) нәтижелерін белгілі бір уақыт аралығында ашылған қылмыс саны бойынша ғана емес, сонымен бірге «күрделілік»-«қиындық» факторы да ескеріліп, ол үшін арнаулы коэффициенттер таблицасы, т.б. жасалса деген пікірлер айтылып қалып жүр. Полиция жұмысының нәтижесін бағалауға полиция көмегімен болдырмаған не қайтарылған материалдық залалдың көлемі де шығын көлемімен сәйкестендірілуі керек.

Посткеңестік мемлекеттердің құқық қорғау органдары үнемі басқа елдермен салыстырғандағы қылмыстың ашылу көрсеткіштерінің шын-

дыққа бергісіз жоғарылауы сынға алынып жүр. Қазақстанда қылмыстарды тіркеу және есепке алуды бақылауды күшейту бойынша өткізілген шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары қылмыстың ашылу көрсеткіштері едәуір дәрежеде төмендеді: 2002 жылы бұл көрсеткіш 75,6% болса, 2013 жылы 35-40%-ға төмендеген. Осы уақыттарда Англия мен Уэльсте бұл көрсеткіш – 23-25%, АҚШ-та – 19-21%, Жапонияда – 22-30%. Қазақстан Республикасының ПМ министрі Қалмұханбет Қасымовтың мойындауы бойынша: «біздің елміздің кей өңірінде қылмыстың ашылуы 100% болуы мүмкін емес» [3].

Осылайша, бұл мәселені зерттеу нәтижесінің құқық қорғау қызметіндегі мемлекеттік менеджмент міндеттерін шешу үшін әлеуметтік және экономикалық тиімділігі өте-мөте зор демекпіз. Қазіргі кезде қылмысты ашуды орта көрсеткіштермен бағалауға болмайтындай, өйткені қылмысты жасаудың жолдары бір-бірінен түпкілікті бөлек, сондықтан оларды ашуға жұмсалатын мерзімдер әр түрлі, орындалуға тиісті жұмыс көлемі де басқа-басқа, қызметкерлердің жүктемелері де бірдей еместігі анық. Өз кезегінде бұл әрбір қылмысты ашу талабы қоғамдық мәні әр түрлі әрі бір жақты емес құқық салдарлар құқыққа қарсы іс-әрекеттерді бағалауда дифференциалық (тепе-теңдік) ұстанымнан бас тарту дегенді білдірмейді.

Қылмыстық қудалау органды қызметін бағалауда ғылыми негізделген дифференциалық (тепе-теңдік) ұстаным құқық қорғау жүйесінің тиімділігінің объективті көрінісін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеудің нәтижелері бюджет қорынан қылмысты ашуға және келтірілетін шығынның алдын алуды есепке алу тәжірибесін енгізудің мультипликативтік экономикалық тиімділік әсері орасан зор болмақ.

Осылайша, бұл мәселені зерттеудің міндеттері мынадай шараларда көрінеді:

1) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемі жүйесінің әдістемелік және тәжірибелік мәселелерін анықтау.

2) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің жүйесін қылмыстық қудалаудың сапасын арттырудың құралы ретінде негіздеу. Осы саладағы негізгі индикаторларын анықтау.

3) Шетелдік тәжірибені тереңнен қаузап зерделеу негізінде қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау тиімділігінің әрбір әдістемесі түрлерінің күшті және әлсіз жақтарын ашу.

4) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалаудың негізгі өлшемдерін, олардың коэф-

фицентенттерін ескере отырып жүйелеу, ашу.

5) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің жүйесін енгізіп, қызмет көрсетудегі оның болжамды және тәжірибелік мәселелерін анықтау.

6) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің одан ары жетілдіру мүмкіндіктерін зерделеп (шетелдік тәжірибені жинақтап, салыстырмалы-қолданбалы материалдарды ұсыну), ал бұл қылмыстық саясат мәселелеріне арналған заңнаманың нақты өлшемдерін жетілдіру үшін қажет.

7) Заманауи коммуникативтік технологиялар негізінде қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемін анықтауда қоғамдық бағалаудың әлеуметтік-метрикалық жүйесін қалыптау.

8) Қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемін енгізу мен заңнаманы жетілдіру, мемлекеттің құқық қорғау қызметінде құқықтық шығармашылық пен құқық қолдану бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Осы көрсетілген міндеттерді шешпейінше жемқорлық қатынастарын аясын шектеу әсте мүмкін емес. Біздің нәтижеміз ішкі істер органдары қызметінің бағалау өлшемін қалыптаған кезде, шынайы әлеуметтік тиімділікті есепке алмай тек ведомстволық мүдде тұрғысынан келсек, объективті шынайылық пен тұрғындар күткенінің арасында үлкен айырмашылықтар бар екендігіне негізделеді. Шындығында, өткен жылғы осындай мерзіммен салыстырғандағы көрсеткіш төмен болғандықтан, ішкі істер органдары үшін қылмыстың белең алуы ұтымсыз екені бесенеден белгілі.

Басқаша айтқанда, егер өткен жылы дәл осы кезеңде жасалған 10 тонаудың алтауының ашылуына орай, қылмысты ашу көрсеткіші 60 пайызды құрайды. Ал егер осы жылы аталған уақытта 1-ақ рет тонау болып, ол ашылмай қалып, көрсеткіш 0 пайызды құрап отыр. Ал бұл көрсеткіштің төмендігін әйгілейді, расында, математикалық тұрғыдан алғанда, қылмысты ашу динамикасы төмен-ақ. Көріп отырғанымыздай, құқық қорғау органдарының жүйесі қамтамасыз етуге керекті дисбаланс жоқ. Қылмысты жасатпауға емес, «ашылуды» қажет ететін қылмысқа басымдық беріліп отыр. Өткен ғасырдың 80-жылдары Канадада есептеудің жаңа түріне құрылған полиция қызметіне реформа жасалды. Осы мақсатта КАРРА доктринасы жасалып, ол көптеген жылдар бойына канадалық полиция қызметінің негізгі бағыттарын айқындап берді. Оның негізіне маңызды қағидаттар (принциптер) алынды. Оның ішінде полиция жұмысының

түп негізіне құқық бұзушылық прафилактикасы, әділеттікті қайта орнату, азаматтарды енді қылмыстық ортаға тартуды болдырмау секілді – айқындылық қағидаты да орын алған еді [4].

Осылайша, ішкі істер органдары қызметіндегі айқын басымдылық бақылау аймағындағы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықтың санының төмендеуін, жасалған қылмыстық әрекеттер үшін міндетті түрде жасалау болатыны бағалайтын кәдуілгі жұмыс болып табылады.

Сонымен бірге мұндай ұстанымның тәуекелділігі де жоқ емес, өйткені құқық қорғау органдарының қызметкері қылмыстардың есепке тіркемеуін қалайды. Соңғы уақытта ҚР ПМ мен прокуратура органдарының жүргізіп отырған жұмысы жасалған қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеуге еш кедергі келтірмеуге келіп саяды, қылмыстарды тіркемегені үшін қылмыстық жауаптылық енгізілген болатын. Бұл Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексінің «Қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру» аталатын 433-бабында көрініс тапты.

Сондықтан өлшемдер жүйесінің профилактикаға (алдын алуға) бағытталуы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығын есепке алып тіркеуді қамтамасыз ететін шаралар жүйесі арқылы жүзеге асуы тиіс. Мұндағы негізгі мәселе лауазымды тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің болуын өзі анықтайтын жағдайлардың кезігуін көрінеді, өйткені бұл жағдайлар жоғары латенттігі мен дискрециялылығымен сипатталады.

Мәселен, 2012 жылы Аршалы АПБ-нің бастығы қылмыстарды ашу көрсеткішін бұзбау мақсатында Қостомар аулының маңынан тұрғындар тапқан өлікті көміп тастауға нұсқау берген. Полицейлер мәйіт денесін қалың ағашты жерге барып көмеді. Аз уақыт өтпей-ақ Астана қаласының ПД-не бауырының жоғалғаны туралы бір әйел шағымданады. ПД-нің қызметкерлері жоғалған адамды өлтіргендерді ұстайды. Бірақ олар көрсеткен Қостомар аулының маңынан өлік табыла қоймайды. Өлі дене ақырында табылады. Өз кезегінде қылмысы әшкереленіп қалудан қорыққан АПБ-нің бастығы қызметтегі қылмыстың куәсі болған екі куәгерді шалғайдағы алыс ауылға апарып тастауға нұсқау береді. Әйтсе де, куәгерлер өйтіп-бүйтіп қашып шығып, тергеуге болған жайды айтып береді.

2013 жылы 15 қарашада Аршалы аудандық сотының үкімі бойынша Аршалы АПБ-нің бұрынғы бастығы Саханов, оның орынбасарлары Оспанов пен Евсеев, куәгерлер Жигало мен

Исмаилов, жедел уәкіл Жайлаубеков пен учаскелік инспектор Бердалиев ҚР ҚК-нің 363-1 баптың 4-тармағы, 308-баптың 4-тармағының «в» тармақшасы, 314-б 2-т., 125-б. 2-т-ң «а,ж» тармақшалары бойынша жасалған қылмысына кінәлі деп танылып, жинақталған қылмыстары бойынша 7 жылдан 8 жыл аралығында бас бостандығынан айрылады. Бердалиев ҚР ҚК-нің 363-б.4-тармағы, 305-баптың 4-тармағының «в» тармақшасы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айрылады.

Сотталушылар құқық қорғау органдарында бес жыл бойына лауазымға тағайындалу құқығынан әрі офицер атағына айрылды [5].

Қылмысты жасыру жөніндегі бұл нақты мысал ішкі істер органдарының қызметін бағалау өлшемі жүйесіндегі шынайылыққа күмән туды-

рады. Ал мұның өзі құқық қорғау қызметінің бүкіл беделіне нұсқан келтіріп, қызметкерлердің қызметтегі басымдықтарын әлсірететіні сөзсіз.

Ұсынылып отырған мақаламыздың мақсаты ішкі істер органдарының қызметін бағалауда шешімін таппаған мәселелер жеткілікті екенін әрі олардың жемқорлықпен өзара тікелей аста-сып жатқанын айғақтау ғана. Алдағы зерттеу бағыттарымызда бұл мәселелерді одан әрі қауза-ашып, ішкі істер органдары қызметін бағалау бойынша тиімділік қағидаттарын (принциптерін) ғана емес, сонымен бірге ішкі ведомстволық (корпоративтік) аяда да, полиция мен қоғамның өзара байланысы бойынша да туындайтын жемқорлықтың өріс алуына шектеу қоятын нақты ұсынымдар жасауды көздейтіміз анық демекшіміз.

### Әдебиеттер

- 1 Приложение 11 к Правилам приема и регистрации заявлений и сообщений об уголовных правонарушениях, а также ведения Единого реестра досудебных расследований (Утверждены Приказом Генерального прокурора РК от 19 сентября 2014 года №89).
- 2 От милиции к полиции: реформа системы оценки деятельности органов внутренних дел // Серия «Аналитические записки по проблемам правоприменения», Наурыз 2011) Авторлық ұжым: Панеях Э.Л., Титаев К.Д. СПб: ИПП ЕУ. – СПб., 2011. – 12 б.
- 3 Forbes Kazakhstan. Режим доступа: [http://forbes.kz/news/2013/02/02/newsid\\_17787](http://forbes.kz/news/2013/02/02/newsid_17787)
- 4 Защита прав человека как функция и обязанность полиции. Оқу құралы. Казахское международное бюро по правам человека и соблюдению законности. – Алматы, 2012. – 67 б.
- 5 Ақмола облысында өлікті жасырған полицейлерге шығарылған үкім жеңілдетілді.//ИАНовости-Казахстан: <http://newskaz.ru/regions/20140320/6278529.html>

### References

- 1 Prilozhenie 11 k Pravilam priema i registracii zajavlenij i soobshhenij ob ugovolnyh pravonarushenijah, a takzhe vedenija Edinogo reestra dosudebnyh rassledovanij (Utverzhdeny Prikazom General'nogo prokurora RK ot 19 sentjabrja 2014 goda №89).
- 2 Ot milicii k policii: reforma sistemy ocenki dejatel'nosti organov vnutrennih del // Serija «Analiticheskie zapiski po problemam pravoprimeneniya», Nauryz 2011) Avtorlyk ұzhym: Panejah Je.L., Titaev K.D. SPb: IPP EU. – SPb., 2011. – 12 b.
- 3 Forbes Kazakhstan. Rezhim dostupa: [http://forbes.kz/news/2013/02/02/newsid\\_17787](http://forbes.kz/news/2013/02/02/newsid_17787)
- 4 Zashhita prav cheloveka kak funkciya i objazannost' policii. Оқу құралы. Kazahstanskoe mezhduнародное bjuro po pravam cheloveka i sobljudeniju zakonnosti. – Almaty, 2012. – 67 b.
- 5 Aqmola oblysynda өlikti zhasyrған policejlerge shyғaryлған үkim zheңildetildi.//IANovosti-Kazahstan: <http://newskaz.ru/regions/20140320/6278529.html>